


2025 ж. «Жас музыка зерттеушілер» Ғылыми мектебінің ЕСЕБІ

1. «Халық аспаптары» мамандығының 4-курс студенті Диана Мукашева зерттеу тақырыбы бойынша Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ұйымдастыруымен өткен «Жастар және ғылым: Бүгіні мен болашағы» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына қатысып, **«Қазақтың қобызда орындаушылық өнерінің даму тарихынан»** тақырыбындағы мақаласы (жетекшісі – ө.ғ.к. Б.Ж.Тұрмағамбетова) конференция материалдары жинағында жарияланды // «Жастар және ғылым: Бүгіні мен болашағы» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы. - Атырау, «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ баспаханасы, III том. 2025. – (317 б.) – Б.252-262. (ISBN 978-601-262-587-5)

2. Диана Мукашева «Жастар және ғылым: Бүгіні мен болашағы» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында (7-сәуір, 2025 ж.) **«Қазақтың қобызда орындаушылық өнерінің даму тарихынан»** тақырыбында баяндама оқып, «Мазмұнды баяндама жасағаны үшін» 2-дәрежелі Дипломмен марапатталды.



3. 8-сәуір күні Ғылыми мектеп жетекшісі, өнертану ғылымдарының кандидаты Б.Ж.Тұрмағамбетованың «Атырау өлкесінің қобызшылар мектебі» кітабының таныстырылымы өтті.



Кітаптың құрастырушысы Ғылыми мектеп шәкірті, 4-курс студенті Д.Мукашева. Диана Мукашева кітапқа енген қобызшы тұлғалар туралы баяндама жасап, қобызда Н.Тілендінің «Аққу» күйін орындады.



Еңбек Қаақстанның музыка мәдениетіндегі Атырау қобыз мектебінің алатын орны, жергілікті музыканттардың аспапты насихатаудағы орасан зор еңбегіне арналған. Кітаптың лентасын «Ыбырай Алтынсарин» медалінің иегері, ардагер ұстаз, қобызшы О.Ш. Қарашева мен М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университетінің ұстазы, өнертану ғылымдарының кандидаты А.Т. Ерғалиева қиды.



4. 9-сәуір күні Ғылыми мектеп жетекшісі, өнертану ғылымдарының кандидаты Б.Ж.Тұрмағамбетова және мектеп шәкірті Д.Мукашева Атырау телеарнасында «Эфирде FM 201» бағдарламасына тікелей эфирге шықты.

«Атырау өлкесінің қобызшылар мектебі» кітабы туралы сұхбат берді.

